



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

будет способствовать кинематографу. И по примерам приведенным выше мы видим, что это уже началось и сейчас мир мыслит не столько с помощью кинематографа сколько в самом кинематографе.

Список использованных источников

Мерло-Понти М. Кино и новая психология //Киноведческие записки. –1992. – №16. – С.97-122

1. Toubiana S. Le cinéma est deleuzien //Cahiers du cinéma. – 1995. – Т. 497. – С. 27.
2. Делез Ж. Кино 1 образ-движение, кино 2 образ-время //М.: Издательство «Ад Маргинем. – 2004. – С. 28.
3. Михина А. М. «Образ-переживание», «Образ-действие», «Образ-ментальность» в кинотекстах А. Хичкока (философско-антропологический анализ) //Вестник Ленинградского государственного университета им. АС Пушкина. – 2014. – Т. 2. – №. 1.
6. Делез Ж. Кино 1 образ-движение, кино 2 образ-время //М.: Издательство «Ад Маргинем. – 2004. – С. 419.

УДК 291.1

ДІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

Шукей Інжу Болатқызы

Inzhu020796@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, дінтану

Мамандығының 3 – курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Избаиров

Дін-бұл әлемдік тарихтағы қол жетімді деректерге қарағанда, адамзат баласы пайда болғалы бері ең көне және әмбебап қоғамдық сана болып табылады. Адамзат қоғамының ерте сатыларынан бастап дін күні бүгінге дейін қоғамдық өмірдің маңызды саласы болып келді және солай бола бермек. Діннің пайда болғалы бері оның индивидуалды жеке адаммен ғана байланысы емес, белгілі бір тайпамен, румен, қаламен, кейіннен толық бір қоғаммен байланыста дамығанын көруге болады. [1] Сондықтанда дінді қоғамдық жүйеден ажыратып қарастыру бүгінде мүмкін емес.

Қоғамның саяси өмірінде де дін айтарлықтай рөл атқарады. Мысал ретінде бірнеше жәйттерді атап өтсек. АҚШ – тағы ұлт – азаттық күрес кезінде діни қайраткерлердің көбі революцияға қатысып, құлдықты жоюға, әйелдерге дауыс беру құқығын беруге және т.с.с. шақырды. Кейбір діндер әділеттілікті бұзған, құдай жолынан тайған басшыларды биліктен қууға халықтың құқығы бар деді. Бірқатар діндер еңбекқорлықты құдайға құлшылық етудің әдісі ретінде қарайды. Кейбір мұсылман елдерінде ислам мемлекетін құру, ел Конституциясының Құранға сәйкес келуін талап ету, шариғат заңдарын сақтау идеялары діннің саяси процесіне ықпал ететіндігін байқатады. Мұнда көңіл аударатын тағы бір мәселе – мемлекет пен діннің ара қатынасы. Адамзат тарихында ол 3 түрлі шешіліп келді:

Мемлекеттік билікті діннің орталығына айналдыру;

Мемлекетті діни мекемелерге бағындыру;

Мемлекет пен діннің одағы;

Қазір ол 2 түрлі шешіледі:

Мемлекет пен діннің имандылық одағының негізінде

Мемлекет пен діннің бөлінуі, бір – бірінің ісіне араласпауы [2]

Алайда өз қызметін толық атқару үшін мемлекетке дін қажет екенін ұмытпау қажет. Өйткені дін қоғамда этикалық қызметтерді атқарып, имандылық ережелерін қалыптастырады. Дін әділетті, қайырымды болуға, кісі ақысын жемеуге, өтірік айтпауға, туыстарын, үлкендерді сыйлауға, ұрлық – қарлық жасамауға және т.с.с. үйретені белгілі.

Мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастар, діни дәстүрлер кез-келген мемлекеттің тарихы мен ішкі қоғамдық - саяси тұрақтылығына үлкен ықпалын тигізеді. Қазіргі таңда әлемде мемлекет пен дін арасындағы қатынастарының түрлі үлгілері қалыптасқандары белгілі. Сол үлгілердің бірі ретінде зайырлылықты алып қарастыруға болады. Ал зайырлы мемлекет дегеніміз – діннің бөлінуі нәтижесінде пайда болған діни емес, азаматтық нормалар негізінде басқарылатын, мемлекеттік органдардың шешімдері діни негіздері болмайтын мемлекет. Зайырлы мемлекеттің заңнамасы (толықтай немесе ішінара) діни нормаларға сәйкес бола алады; «зайырлылық» діни ұстанымдармен қарама-қайшылығымен емес, олардан тәуелсіздігімен анықталады.[3]

Діни ұйымдардың мемлекеттен бөлінуінің құқықтық мазмұны да әр елде әртүрлі болып келеді. Бірқатар елдерде мемлекет пен діни ұйымдардың бөлінуі қатаң формада болса, оларды бөлу қағидатының көлемі кең болып келсе, екінші бір елдерде мемлекет пен діни ұйымның бөлінуінде аса қатаңдық жоқ, мемлекет діни ұйымдарға қоғамдық өмірдің маңызды бір салаларында айтарлықтай қызмет ету және ықпал ету мүмкіндіктерін береді. Бұндай көрініс, әр мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қарым -қатынастар үлгілерінің әртүрлі болып келуінде, ал бұл өз кезегінде, әр елде қалыптасқан тарихи, ұлттық-мәдени, геосаяси және тағы басқа ерекшеліктерге байланысты орын алып отыр.

Сол себепті, зайырлы мемлекеттер өз іштерінде дінге қатысты түрлі саясат жүргізеді, бірақ соған қарамастан зайырлы мемлекеттер болып табылады. Дәл осы мемлекеттердің дінге қатысты саясаттарындағы ерекшеліктеріне тоқталу үшін, екі зайырлы мемлекетті алып салыстырмалы түрде талдау жасасaq. Бұл мемлекеттердің бірі ретінде өзінің ерекше саясатымен әлемде белгілі болған Түркия мемлекетін, екінші үлгі ретінде зайырлы мемлекет болып табылатын, бірақ өзіндік бір үлгіні қалыптастыра қоймаған Қазақстанды алып отырмын.

Түркия Республикасы зайырлылықтың француздық үлгісіне бағыт алып, қатаң зайырландыру саясатын жүргізіп келген мемлекеттердің бірі болып табылады. Мемлекет пен дінді бөлу қағидатын конституциялық деңгейде жариялаған Түркияда діни ұйымдар мен дін қызметкерлерін қатаң бақылауда болғанын байқауға болады.

Түркиядағы зайырлылық тікелей Кемал Ататүрік есімімен байланысты. Оны Түркияны зайырландырудың бастаушысы ретінде көрсетуге болады. Себебі Түркиядағы зайырлылық идеясы оның реформаларының бірі болып есептеледі. Ал оның туындауына әсер еткен мемлекетті жаңғырту идеясы, сонымен қатар батыс-еуропа өркениеттерінің ықпалы. Бүгінде Түркиялық модель эволюцияның нәтижесінде бастапқы кездегі қатаң формасынан мейлінше алшақтаған. Бұған қазіргі уақытта Режеп Тайып Ердоғанның жүргізіп отырған саясаты әсер етті. Алғашқы Түркиялық зайырлылықтың жұмсарған көрінісі білім ордаларында хиджаб киюге рұқсат беруінен көрінді және бұл өз кезегінде жалғасын тапты. Бұл Түркияның зайырлылық модельінің барлық азаматтардың ұлтына, діни ерекшеліктеріне қарамастан тең құқықтығын жариялап, өзінің атеизмнен алшақ екендігін, дінді жоққа шығармайтындығын көрсетіп берді. Ал осы өзгерістен соң Түркиялық модельге батыс ойшылдары тарапынан «еуропалық либералды демократияның шығыстық үлгісі» деген пікір қалыптасты.

Түркия мемлекетімен салыстырмалы түрде қарағанда, бүгінде өзіндік бір модельді қалыптастыра қоймаған, бірақ дегенмен өзін зайырлы мемлекет ретінде көрсетіп жүрген Қазақстанның жағдайы мүлде басқаша. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады» делінген. Конституциялық негіздегі «зайырлы» ұғымы мемлекеттің барлық салаларында, оның ішінде дін саласында да ашық әрі айқын саясат ұстанатынын, әрбір азаматтың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, дін мен мемлекеттік саясатты араластырмайтындығын білдіреді. Сол себепті де, ресми түрде діндерге мейлінше бейтарап қарайды: ол діншіл де, дінге қарсы да сипатқа ие емес.

Қазақстан қазіргі таңда халықаралық қатынастар қойған талаптар бойынша, елдегі конфессиялық және ұлттық алауандылықтың есебінен және діни негіздегі қақтығыстардың

алдын алу мақсатында зайырлы қағидатты жариялап отыр. Ал секуляризм, секуляризация үдерістері негізінен Батыс Еуропа өркениетінің туындысы болып табылады. Сондықтан да, біз бір жағынан, осы батыс елдеріндегі зайырлылық жағдайын, яғни зайырлы ұстаным жариялаған жағдайдағы мемлекет пен дін және діни ұйымдар арасындағы қатынастар қандай формада және қандай түрде жүзеге асатын тәжірибені қарастыруымыз керекті. Бүгінгі күнгі индустриализация мен саяси жүйелердің басым көпшілігі Батыс елдерінің жетістіктері болғанымен де, аталмыш елдердегі озық жетістіктер барлық жағдайда өзге өркениеттік негізде тұрған мемлекеттерге үлгі бола бермейді. Екінші жағынан, Қазақстан халқының басым көпшілігін мұсылман қауымы құрағандықтан мемлекет және ислам, зайырлы режим және ислам арасындағы әлемдегі ислам мемлекеттері немесе басым көпшілігі мұсылмандар болып келетін елдердің осы мәселелерді шешудегі артықшылықтары мен кемшіліктерін ескеріп, тәжірибесін қарастыру қажет. Сондықтан да, жоғарыда Түркия мемлекетінің зайырлылық үлгісіне шолу жасалынды. Қазақстан Республикасы үшін бүгінде әлем тәжірибесіндегі мемлекет және дін қатынастары тарихында болған кемшіліктер мен жағымды тұстарды зерттеп, дінді идеологиялық қарсылас ретінде емес, оның ұлттық бірлікті күшейтуші фактор ретінде жүзеге асыратын өзіндік бір зайырлылықтың үлгісін қалыптастырған жөн деп ойламын.

Бүгінде Қазақстандағы мемлекеттің дінге қатысты саясаты мүлде басқа қоғамдық-саяси шарттарда, халықаралық құқықтық мәдениеттің қысымы аясында қалыптасып жатыр. Сонымен бірге мемлекет алдында дәстүрлі және дәстүрлі емес конфессиялармен, жаңа діни ұйымдармен қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау үшін тиімді қарым - қатынастар орнату, және мемлекеттің жаңа қоғамдық шарттарда діннің орнын бағалау және реттеу мәселелері тұр.

Жаңа діни ұйымдар қоғам үшін, әсіресе мемлекеттік органдар үшін күрделі мәселелерді қойып отыр:

біріншіден, халықаралық діни сенім бостандығы жөніндегі құқықтық құжаттар мен халықаралық ұйымдардың қысымының аясында және дәстүрлі конфессияларға белгілі бір артықшылықтар беру аясындағы теңсіздік мәселесін шешу;

екіншіден, елдегі соңғы жылдары дамыған діни плюрализм мен дәстүрлі құндылықтар, ұлттық мәдениетті сақтау мәселесінің ара-қатынасын шешу,

үшіншіден, халықтың басым көпшілігін мұсылман жамағаты құрағандықтан саяси - ислами күштердің радикализациясы мәселесінің өршігіп кетуінің алдын алу шаралары,

төртіншіден, елдегі соңғы кездегі дінге қатысты келеңсіз жағдайларды болдырмау және елдегі экстремистік идеялардың таралуының алдын алу мақсатында, жалпы халықтың діни сауаттылық пен діни қызметкерлердің ілімдік мәселелерін белгілі бір деңгейде реттеу. [4] Осыған байланысты, Қазақстан үшін қазіргі таңдағы қоғамдық шынайылыққа тура қарап, мемлекет пен дін арасында ешқандайбайланыс болмау керек деген қағидаттан алшақтап, серіктестік қарым - қатынастар қалыптастырған жөн деп ойлаймын. Себебі, әлемдегі және Қазақстандық қоғамдық-саяси өмірде діннің рөлінің өсуі мемлекеттің осы мәселеге мұқият назар аударуын талап етеді. Осындай мәселелерге байланысты, Қазақстан үшін мемлекет пен діни қатынастардың әлемдік тәжірибесін жақынырақ қарастыру маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. James E. Wood Jr. Church and State in Historical Perspective. Greenwood Publishing Group, INC. Westport. 2005. p 4.
2. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007 жыл.
3. <http://www.qazaquni.kz/2017/01/28/64045.html>
4. Онлашева Ж. О. Формирование государственной политики в сфере религии в Казахстане // Религия, наука и СМИ: диалог сотрудничества материалы республиканской конференции. – Астана: МКИ РК.-2006.